ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ҚОРЫ



# «Қазіргі заманғы түркітану: даму бағыттары мен көкейкесті мәселелері»

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
17-18 мамыр

Материалы международной научно-практической конференции
**«Современная тюркология: направления развития и актуальные проблемы»**
17-18 мая

International Scientific-Practical Conference
**«Modern Turcology: Development Trends and Current Challenges»**
17-18 May

Алматы, 2011

## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

**Беркімбаева Ш.К.** Тәуелсіздік тағылымы және түркі әлемі........ 3
**Құрманбайұлы Ш.** Ғасырлар қойнауына үңілген ғалым........ 5
**Дағдұран А.** Turk duniasi........ 6
**Жампейісов Е.** Көрнекті түрколог Әбжан Құрышжанұлының ғылыми шығармашылық жолы........ 7
**Әбілқазыұлы Ә.** Қазақ тілінің Қытайдағы зерттелу жағдайы (таяу он жылдағы басты табыстар туралы)........ 12
**Kaymaz Zeki** Bir ermeni harfli tırkse atasqzleri kitabi........ 13
**Дунканаев А.Т.** Кыргыз макалдарындагы лексика-семантикалык кайталоолордун функциясы........ 17
**Ермекова Т.Н.** Қиматсыз пеша остасы (Қымбат істің шебері)........ 20

### 1-СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Әзімжанова Г.М.** Көркем мәнмәтіндегі сөздің бейнелі мазмұнының көріну жолдары........ 25
**Алтаева А.К.** Шарт мәнде жұмсалатын грамматикалық амал-тәсілдер........ 29
**Аширова А.** Қазіргі қазақ тіліндегі есімді сөйлемдердің қолданылуы........ 33
**Базарбаева З.М.** Тарихи-типологиялық фонологияның негізгі мәселелері........ 37
**Велиева С.Х.** О моделях сложных слов в современном азербайджанском языке........ 41
**Гасымова Р.** Семантико-функциональная унификация слов в современном азербайджанском языке (концептуальный взгляд)........ 43
**Гусейнова Г.** Классификация лексико-семантических словарных групп в языке азербайджанских татов........ 45
**Дәрменқұлова Р.Н.** Қазақ тіліндегі нормалардың қалыптасуына ауызекі сөйлеу тілінің қатысы........ 48
**Дуанбекова М.** Ауызша сөйлеуді топтастыру........ 52
**Егізбаева Н.Ж.** Тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу үрдісі........ 55
**Ералиева Ә.** Бейімбет Майлин әңгімелеріндегі жатсыну сарыны........ 59
**Есенова Қ.Е.** Тілдік тұлғаның интеллектуалды сипаты........ 64
**Жампейісова Ж.М.** «Ақ» – «қара» тілдік бірліктеріне компоненттік талдау........ 66
**Жаңабекова А.Ә.** Квалитативтіліктің құрылымдық-семантикалық аспектісі........ 70
**Жубаева О.** Сан-мөлшер концептінің морфологиялық деңгейдегі тілдік көріністері........ 73
**Қайдарова Г.Қ.** Дауыссыз дыбыстардың буын құрамындағы әуез түрленімі........ 78
**Қамаева С.А.** Шәкәрім поэзиясындағы бейнелі сөздер сыры........ 82
**Керимова И.** Роль аффикса –li в образовании топонимов геокчайского района Азербайджана........ 85
**Көшекова А.** «Ер Тарғын» жырының зерттелуі........ 88
**Құндақбаева Л.Ш.** Әбжан Құрышжанұлы - өнегелі ұстаз........ 92
**Мамиева А.Н.** Профессор Әбжан Құрышжанұлы және ескі қыпшақ жазба ескерткіштері........ 94
**Маханова Б.Қ.** Қазақ тіл білімінде коммуникемдердің зерттелуі........ 98
**Muratbek B.K.** Problematyka słownictwa wartościującego i emotywnego........ 102
**Мустафаева А.** Историзм литературы: общие вопросы........ 106
**Нұржанова Б.Н.** Жазушы тілі сөздіктерінің типологиялық ерекшеліктері........ 110
**Нұржан А.** Амандасу мәніндегі сұраулы сөйлемдердің прагматикасы........ 113

Сонымен, шартты рай формасынан басқа, әр түрлі амал-тәсілдер де шарттық қатынасты ауыстыра алады екен.


### РЕЗЮМЕ

В статье для достижения цели поставлена задача: сгруппировать различные приемы, используемые для обозначения условного отношения.

### RESUME

For achieving the given goals the following tasks have been presented to us: grouping various modes used for designation of conditional relations.


### ӘДЕБИЕТТЕР:


1.Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: 1967. – 482 б.

2.Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. – Алма-Ата, 1972. -152 с.


## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕСІМДІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ


***А.Аширова***

***Әл-Фараби ат. ҚазҰУ аға оқытушысы,***

***филология ғылымдарының кандидаты***


Сөйлемдердің грамматикалық негізі – баяндауыштың есімнен не етістіктен жасалуына байланысты тілде сөйлемдер *есімді және етістікті* сөйлем түріне ажыратылады. Соның негізінде ғалым Р. Әмір сөйлемдерді номинативті және етістікті түрлері деп бөледі. Ғалым ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисі туралы жазған еңбегінде функциональдық қызметін ескере отырып, номинативті сөйлемдердің 4 түрін берген:

- номинативно описательные;
- номинативные эмоции;
- номинативные пожелания;
- номинативные брани [1, 84 б.].

Сонымен бірге, автор номинативті сөйлемдерді құрылысына қарай: жалаң және жайылма деп, баяндауыштарының қай сөз таптарынан болу ерекшеліктеріне қарай тақырып септікті зат есімдер, есімшелі сөйлемдер, сын есімді сөйлемдер деп топтастырады [2, 88 б.].

Р. Әмір кейінгі синтаксистік еңбегінде есімді сөйлемдерді тілдік трансформацияға қатысты қарастырады. «Сөйлемдер бастауышының зат есім немесе етістік (есімше) болуына қарай бірінен-бірі әрі грамматикалық сипаты жағынан, әрі функциясы жағынан ерекшеленеді: *Қара көрінді – Көрінген қара».* Бұл еңбекте көбіне номинативті сөйлем ретінде есімшеден болған сөйлемдер алынған. Автор «бастауышы есімше сөйлемдер – ойдың бір құрамын – субъектіні, объектіні актуализациялайтын тип» деп, актуализациялау мәселесімен де ұштастырады [2, 62-63 бб.].

Қазақ тіл білімінде есімді сөйлемдер жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, арнайы зерттеулер жүргізілді. Қазақ тіліндегі есімді сөйлемдердің түрлері, жасалу жолдары анықталды.

К. Оңалбаева есімді сөйлемдердің орыс тіл білімінде, түркі тіл білімінде, қазақ тіл білімінде зерттелуіне, есімді сөйлемдердің ерекшелігіне жан-жақты тоқтала келіп, олардың мынадай түрлерін береді:

1) зат есімді есімді сөйлемдер;
2) сын есімді есімді сөйлемдер;
3) сан есімді есімді сөйлемдер;